

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның инвестициялық қызметі туралы Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылғы 29 тамыз N 133 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 9 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 362. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998.08.13. N 11 ~V980641 қаулысымен.

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік емес зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың (бұдан әрі - Компаниялар) инвестициялық қызметінің т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Инвестициялық қызметтің негізгі принциптері

2.1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - БҚҰК) лицензиясы бар болғанда және бір немесе одан да көп мемлекеттік емес зейнетақы жинақтау қорымен (бұдан әрі - Қор) қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәртіпте жасасқан шарттың негізінде
К о м п а н и я :

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, осы Ереженің 2.3-тармағымен айқындалған тізім бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына және Қазақстан қор биржасының "А" листингіне енгізілген эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялауды;
- банктік депозиттік сертификатқа және Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі айқындаған тізбе бойынша екінші деңгейдегі мемлекеттік банктердегі депозитке қаражаттар орналастыруды;

- активтердің басқа түрлеріне БҚҰК айқындаған тәртіпте және шарттарда қаражаттар орналастыруды жүзеге асырады.

2.2 Компания зейнетақы активтерін, оларды орналастыру сәтіне

зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің мынадай мөлшерлерінде орналастыруды қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздары (1 жылға дейінгі айналыс мерзімімен) - 25%-тен кем емес
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді және ұзақ мерзімде бағалы қағаздары (1 және одан да көп жылғы айналыс мерзімімен) - 25%-тен кем емес
- осы Ереженің 2.3-тармағымен айқындалған тізім бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары - 10%-тен көп емес
- Қазақстан қор биржасының "А" листингіне енгізілген эмитенттердің акциялары - 20%-тен көп емес
- Қазақстан қор биржасының "А" листингіне енгізілген эмитенттердің облигациялары - 10%-тен көп емес
- банктік депозиттік сертифик. каттар және Қазақстан Респуб. ликасының Ұлттық Банкі айқын. даған тізбе бойынша екінші деңгейдегі мемлекеттік банктердегі депозиттер - 40%-тен көп емес.

2.3. Компания мынадай халықаралық қаржы ұйымдарының шығарған бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер бойынша инвестор болуға құқықты:

- Халықаралық қайта құру және даму банкі (Бүкіләлемдік банк);
- Еуропалық қайта құру және даму банкі;
- Америкааралық даму банкі;
- Халықаралық есеп айырысу банкі;
- Азия даму банкі;
- Африка даму банкі;
- Халықаралық қаржы корпорациясы;
- Ислам даму банкі.

2.4. Компания өзінің қаражаттарын осы Ереженің 2.5 және 2.6-тармақтарының талаптарын орындау шартымен осы Ереженің 2.2-тармағында көрсетілген активтерге кез келген мөлшерде орналастырады.

2.5. Компанияның эмитенттердің бағалы қағаздармен жасаған мәмілелері тек қана бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында бастапқы брокерлер арқылы олармен жасасқан шарттың негізінде жүзеге асырылады.

2.6. Бір заңды тұлғаның бағалы қағаздарына (депозиттеріне) инвестициялаудың мөлшері "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға арналған пруденциялық нормативтер туралы" Ереженің 5 бөлімінде белгіленген шектеулерге сәйкес келу керек.

Осы шектеулер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қағаздарына қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Компания үшін тыйым салынған қызмет

3 . 1 . К о м п а н и я ғ а :

- 1) бағалы қағаздардың акцияларын басқа өзге түрлерін шығаруға;
- 2) банктерден үш айдан асатын мерзімге, өз капиталының мөлшерінен аспайтын мөлшерде заемдық қаражаттар тартуға;
- 3) аффилиирленген тұлғалардың бағалы қағаздарын сатып алуға және аффилиирленген тұлғалармен өзге де мәмілелер жасауға;
- 4) кез келген тәсілдермен займдар беруге;
- 5) зейнетақы активтеріне кіретін бағалы қағаздарды, оларды қайтадан сатып алу міндеттемесі шартымен сатуға;
- 6) кез келген бағалы қағаздарды маржа бойынша сатып алуға;
- 7) Компанияға тиесілі емес немесе зейнетақы активтерінің портфеліне кірмейтін бағалы қағаздарды сату туралы шарттар ("қысқа сатулар"), сондай-ақ эмиссиялық емес бағалы қағаздарды сатып алуға шарттар жасауға;
- 8) кез келген түрдегі кепілдік және кепілдеме беруге, зейнетақы активтерімен кепілденген мәмілелер жасауға;
- 9) мазмұнында зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі табыстарға кепілдік немесе уәде беру бар ақпаратты жариялауға;
- 10) материалдық өндіріс және сауда саласында бағалы қағаздар және қаржы құралдарынан басқа, өзге де мүлікпен қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Компанияның аффилиирленген тұлғалары болып:

- зейнетақы активтерін басқаруға Компаниямен шарт жасасқан қорлар;
 - Компаниялардың құрылтайшылар (акционерлері);
- зейнетақы активтерін басқаруға Компаниямен шарт жасасқан қорлардың құрылтайшылары (акционерлері);
- Компанияның зейнетақы активтерінің шоттары ашылған банк-кастодиандар т а н ы л а д ы .

3.2. Қордың зейнетақы активтерін басқару кезінде Компания тек қана Қордың мүддесінде іс-әрекет жасайды. Компанияға кез келген тәсілмен зейнетақы активтерін жеке мүддесіне пайдалануға тыйым салынады.

Компанияға, сондай-ақ оның лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне:

- Қордың бағалы қағаздары және басқа да зейнетақы активтері туралы ақпаратты Қорға қатысты бәсекелестік мақсатында пайдалануға;
- әртүрлі Қорлардың зейнетақы активтерінің, оның ішінде Компанияның басқаруындағы, құрылымдары туралы мәліметтерді, бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан пайда табу мақсатында пайдалануға;
- басқаруға алынған зейнетақы активтерінің есебінен жүргізілген қаржылық операцияларға қатысты жалған ақпаратты таратуға;
- құпия, жарияланбайтын ақпаратты не жарияланғанға дейінгі ақпаратты таратуға не жеке мақсатына пайдалануға тыйым салынады.

4. Компанияның инвестициялық кірісін бөлу және комиссиялық сыйақы алу тәртібі

4.1. Компанияның өз қаражаттарын инвестициялаудан алынған кіріс заңмен белгіленген салықтарды және басқа да міндетті бөлінген ақшаны төлегеннен және резерв капиталын қалыптастырғаннан кейін МЗЖҚ қарамағында қалады.

4.2. Компанияның зейнетақы жинақтауларын орналастырудан алынған инвестициялық кірістің 5%-нен аспайтын мөлшерінде ай сайын Қор мен Компанияның арасына жасалған шартқа сәйкес төленетін комиссиялық сыйақы а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

4.3. Операциялық шығындарын жабу үшін Компания зейнетақы жарналарынан бөлінген ақшаның бөлігін, бірақ зейнетақы жарналарының сомасының 0,15%-нен аспайтындай мөлшерде алуға құқығы бар.

5. Компанияның активтерін және зейнетақы активтерін бағалау

5.1. Компания күн сайын зейнетақы және өз активтеріне соңғы 10 күн ішіндегі, активтерді бағалау күнін қоса отырып, орташа құны бойынша бағалау

жүргізуге және БҚҰК-ның тиісті ережесімен белгіленген тәртіпте БҚҰК-на есеп жіберуге міндетті.

5.2. Бағалы қағаздардың соңғы 10 күн ішіндегі орташа құны олардың рыноктік құнына сүйене отырып, қаралатын кезеңнің әрбір күніне саудаластықтарды ұйымдастырушы жариялаған бағалы қағаздардың бағасын кесуге сәйкес айқындалады.

Бір саудаластықтарды ұйымдастырушыдағы белгілі бір күнге бағалы қағаздың бағасы кесілген құны оның мәмілелердің көлемі және олар жүргізілген баға бойынша қалыптасқан орташа құны болып табылады.

Егер белгілі бір күні бағалы қағаздардың бағасы кесілген құны тек бір ғана саудаластықтарды ұйымдастырушы жарияласа, осындай бағалы қағаздың құны жарияланған баға кесу негізінде айқындалады.

Белгілі бір күні баға кесу құнын бір бағалы қағаз бойынша екі немесе одан да көп саудаластықтарды ұйымдастырушылар жариялаған жағдайда, бағалы қағаздың сауда күніне ағымдағы құны оның орташа құнын есептеу арқылы айқындалады. Осы Ереженің 2.3-тармағымен айқындалған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының құны Нью-Йорктің және Лондонның қор биржаларындағы баға кесудің негізінде, активтердің құнын бағалау күнінің алдындағы күнге бағаланады.

Шетелдік валютадағы баға кесуге сәйкес жарияланған бағалы қағаздардың құны активтердің құнын бағалау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен бағалауға жатады.

5.3. Зейнетақы портфеліне немесе Компанияның өз активтеріне енгізілген бағалы қағаз бойынша саудаластықтар 10 жұмыс күнінен астам болмаған жағдайда, оның құны саудаластықтарды жаңарту күніне дейін өзгермейді.

5.4. Банктік депозиттік сертификаттарға және екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге салынған активтердің ағымдағы құны депозиттің мерзімі аяқталғанға дейінгі бір күн ішінде проценттер сомасын есептеу арқылы айқындалады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Банк-кастодиандағы Компанияның инвестициялық шотына түскен қаражат, түскен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, ағымдағы шегерулерді алып тастай отырып толық көлемде инвестициялауға жатады. Белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, әрбір бос жіберілген күн үшін Компанияның өз қаражаты есебінен зейнетақы активтерінің пайдасына өсім төлейді. Өсімнің мөлшері үш айлық мемлекеттік облигациялар бойынша, бос жіберілген күн туындаған күннің алдындағы күнге белгіленген проценттік

ставкамен (айналыстың бір күні есебінде) айқындалады.

6.2. Қор рыногында қалыптасқан тұжырымдарға сүйеніп, Компания осындай өтініштің заңдылығын растайтын негіздерді ұсына отырып, қаражаттарды инвестициялау мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен БҚҰК-на жүгінуге құқықты

БҚҰК-ның рұқсаты алынған жағдайда осы Ереженің 6.1-тармағымен белгіленген өсім есептелінбейді.

6.3. Қордың портфеліндегі зейнетақы активтерінің қандайда болмасын түрінің үлесі осы Ереженің 2.2. және 2.6-тармақтарында белгіленген шектерге сәйкес келмеген жағдайда, Компания айырмашылықты ұлғайтатын кез келген инвестициялық қызметі тоқтатуға және сәйкессіздікті жедел жоюға міндетті.

6.4. Жариялау күніне шындыққа сәйкес келмейтін қызметін жарнамалауға Компанияға тыйым салынады.

6.5. БҚҰК шындыққа сәйкес келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді компаниядан талап етуге, оны тоқтатуға немесе оның жалған екенін жариялауға құқылы.

Осы талаптар БҚҰК белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда, БҚҰК жарнама мазмұнындағы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіндігі туралы ақпарат жариялауға не жарнаманы жариялаған Компанияның есебінен оларды анықтауға құқылы.

6.6. Жарнаманы жүзеге асыру кезінде Компанияға:

- кірістің кепілденген (жорамалданған) сомасын (процентін) көрсетуге;
- өзінің қызметінің нәтижелерін басқа компанияның қызметінің нәтижелерін мен салыстыруға (тек барлық компаниялар қызметінің орта мәнімен салыстыруға жол беріледі);

- Компания қызметінің нәтижелерін салыстыруды белгілі бір уақыт аралығында ұқсас салыстырудың стандартты өсуін көрсетпей жүргізуге (бір, үш, бес, он жыл) тыйым салынады.

6.7. Компания оған қатысты БҚҰК-ның әрекеттері жөнінде сот тәртібімен шағым жасауға құқықты. БҚҰК-ның жазбаша ұйғарымы жөнінде шағым жасау оның орындалысын тоқтатпайды.